

# АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ  
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ  
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП



# АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ  
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ  
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

I КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.  
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:  
**Қ 22** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: I Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025 .– 1916 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: I книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025.–1916 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02  
ББК 74.00

–формировать умения и прививать навыки уважения родителей, взрослых, прислушиваться к их назиданиям, ценить семейный лад;

– прививать качества как доброта, честь, совесть, чувство справедливости, формировать трудолюбие и правовую культуру.

–беречь национальное достояние, национальные символы, воспитывать патриотизм;

–воспитывать бережное отношение к природе, национальному и культурному наследию.

В будущем благодаря программе «Біртұтас тәрбие» дошкольники будут проявлять патриотизм, иметь активную гражданскую позицию, будут знать и сохранять национальные традиции, уважать национальную культуру.

#### Список литературы:

1. Программа «Біртұтас тәрбие»от «30» июля 2024 года № 194.
2. Интернет ресурсы.Официальный сайт Министерства образования и науки Республики Казахстан <https://www.edu.gov.kz>.Портал для педагогов РК «Bilimland» <https://bilimland.kz>.

ӘОЖ371

## БІРТҰТАС ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ САУЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Осипова Бахиткуль Кайроллиевна**

бастауыш сынып мұғалімі, педагог–зерттеуші  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
С. Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі»КММ,  
Қостанай қ.,Қазақстан

#### Аңдатпа

Мақалада мектеп психологтарының оқушыларға психологиялық қолдау көрсетіп, олардың эмоционалдық және психикалық жағдайын бақылауының маңызы туралы айтылған. Психологтар балалардың өзін-өзі бағалауын арттырып, қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

**Түйінді сөздер:** эмоционалдық саулық, мектеп, тәрбие, мұғалімдер, оқушылар, жеке қарым–қатынас, ойын элементтері, өзара көмек, ата–аналар, психолог, спорт, шығармашылық, өмірлік дағдылар, қауіпсіздік.

#### Аннотация

В статье рассматривается важность работы школьных психологов, которые оказывают психологическую поддержку учащимся, контролируют их эмоциональное и психическое состояние, помогают повысить самооценку и справиться с трудностями.

**Ключевые слова:** эмоциональность, школа, воспитание, учителя, ученики, игровые элементы, родители, психолог, спор, творчество, жизненные навыки, безопасность.

#### Abstract

The article discusses the importance of school psychologists providing psychological support to students, monitoring their emotional and mental well-being, helping improve self-esteem, and assisting in overcoming difficulties.

**Key words:** emotional health, school, education, teachers, students, personal relationships, game elements, mutual aid, parents, psychologist, sports, creativity, life skills, safety.

Мектептің басты міндеті – оқушылардың сапалы білім алып қана қоймай, олардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету. Қазіргі таңда оқушылардың тек білім алып, оқуда жетістікке жетуі ғана емес, олардың психологиялық және

эмоционалдық саулығы да маңызды болып отыр. Бұл мәселені шешуде біртұтас тәрбие жүйесін қолдану өте тиімді. Біртұтас тәрбие дегеніміз – оқушылардың интеллектуалдық дамуы мен тәрбие үрдісін өзара үйлестіре отырып, олардың жан-жақты, толыққанды дамуына қолдау көрсету. Мұның негізгі жолы – мектептегі әрбір күнді мәнді әрі қызықты өткізуде, оқушылардың оқу үдерісіне деген ынтасын арттыру, сондай-ақ олардың эмоционалдық жағдайына назар аудару.

Алдымен, мұғалімдер әрбір оқушымен жеке қарым-қатынас орнатуы керек. Өзім сабақ бергенде байқағаным, балалардың сеніміне ие болу, оларды түсіну маңызды. Мұғалімнің оқушыға деген қарым-қатынасы оның оқуға деген көзқарасын, психологиялық жағдайын айтарлықтай өзгертуі мүмкін. Сондықтан, оқушылардың көңіл-күйі мен психологиялық күйіне назар аудару арқылы олармен өзара байланыс орнату оңайырақ. Мысалы, сабақ басталарда оқушылардың жағдайын сұрап, олардың ойын тыңдау өте маңызды. Бұл оларға құрмет көрсетіп, өздерін маңызды сезінуіне ықпал етеді. Әр оқушының көңіл-күйіне назар аударып, оларды тыңдай білу – оқушылардың эмоционалдық қолдау сезімін арттырады. Кейде балалардың көңіл күйі төмен болған кезде оларға дем беру немесе кішкене үзіліс жасау қажет. Сабақ барысында әр оқушының жетістігін бағалап, олардың табысына қуанышпен қарау да эмоционалдық қолдаудың бір бөлігі болып табылады. [1]

Сондай-ақ, сабақта ойын элементтерін қолдану оқушылардың қызығу-шылығын арттырады. Ойын арқылы білім беру оқушыларға эмоционалдық қолдау көрсетіп, оларды қызықтырып, сабаққа деген ынтасын арттырады. Ойындар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, оларды бір-бірімен жақындатады. Мысалы, командалық ойындар арқылы балалар ынтымақтастыққа үйреніп, бір-біріне қолдау көрсетеді. Бұл тәсіл олардың әлеуметтік дағдыларын дамытып, топтық жұмыс істеу арқылы психологиялық күйін жақсартады.

Тағы бір маңызды аспект – оқушылар арасындағы өзара көмек пен қолдауды дамыту. Мен өз сыныбымда оқушыларды бір-біріне қолдау көрсетуді үйретуге тырыстым. Бірлесе жұмыс істеу, топтық жобалар арқылы оқушылар өздерін қолдау мен түсінуді сезінеді. Бұл оларға сенім мен достықты нығайтады, өздерін жалғыз сезінбеуге көмектеседі. Мұндай ортада оқушылар қиыншылықтарды жеңуге және өздерін еркін сезінуге үйренеді. Әрине, топтық жұмыс оларға дағдыларды біріктіріп, әрбір оқушының бойындағы ерекше қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Эмоционалдық саулықты қамтамасыз етудің тағы бір жолы – ата-аналармен тығыз байланыс орнату. Ата-аналармен тұрақты байланыста болып, олардың балаларының жағдайы туралы хабардар ету өте маңызды. Оқушылардың эмоционалдық жағдайын бақылау үшін ата-аналармен ортақ тіл табу, олардың қиындықтары мен қажеттіліктерін түсіну керек. Ата-аналармен бірге жұмыс істеу арқылы оқушылардың эмоционалдық жағдайына оң ықпал етуге болады. Ата-аналар өз балаларын мектепте және үйде қолдауы тиіс, ал мұғалімдер ата-аналарға балаларының жағдайы туралы кеңестер мен ұсыныстар бере алады. Мен өз тәжірибемде ата-аналармен тығыз байланыс орнатудың маңыздылығын байқадым, бұл баланың оқу үрдісін жеңілдетіп, психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Менің ойымша, әрбір мектепте психолог мамандардың болуы өте маңызды, өйткені олар оқушылардың психологиялық саулығын қорғауда және олардың дұрыс дамуына ықпал етуде үлкен рөл атқарады. Психологтар тек оқушылардың қиыншылықтарын шешумен айналысып қана қоймай, олардың жалпы психикалық жағдайын, эмоционалдық әл-ауқатын бақылап, өмірлік дағдыларды қалыптастыруда да маңызды рөл ойнайды. Оқушылардың психологиялық қолдауға деген қажеттілігі өте жоғары. Мектептегі психологтар балаларға тек қиын сәттерде көмек көрсетіп қана қоймай, олардың күнделікті жағдайларын бақылап, әрқайсысымен жеке қарым-

қатынас орната алады. Бұл балалардың сенімділігін арттырып, оларға өздерін жақсы сезінуге көмектеседі. Психолог маманның маңызды міндеттерінің бірі – балалардың өзін-өзі бағалауын арттыру. Өйткені, төмен өзін-өзі бағалау мен өзіне сенбеушілік мектеп жасындағы балалар үшін көп жағдайда стресске, күйзелістерге және қиындықтарға әкеледі.

Менің мектебімде психолог маман болды, ол оқушылардың психологиялық жағдайын тұрақты түрде бақылап, әрбір баланың проблемасын түсінуге тырысты. Бұл психологиялық қолдау тек оқушылардың эмоционалдық жағдайына ғана емес, олардың оқу процесіне де ықпал етті. Психолог, мысалы, оқушылардың қорқыныштарын, күйзелістерін жеңуге көмектесіп, оларды өз эмоцияларымен жұмыс істей білуге үйретті. Ол әр баланың жеке тұлғасына мән беріп, олардың әлеуетін толық ашуға, әлеуметтік дағдыларды дамытуға назар аударды. Сонымен қатар, мектеп психологы әртүрлі тренингтер мен практикалық жаттығулар ұйымдастырып, оқушылардың өздерін сенімді сезінуін қамтамасыз етті.

Психолог маманның көмегі оқушылардың өз-өзін түсінуі мен қабылдауы үшін өте маңызды. Олардың жеке проблемалары мен күмәндерімен жұмыс істеу арқылы психологтар оқушыларды өзіне деген сенімді арттыруға және қоршаған ортаға деген көзқарастарын өзгертуге үйретті. Бұл балалардың оқу процесіндегі жетістіктерін арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар, психологтар оқушылармен тек жеке емес, сыныптармен де жұмыс жасап, жалпы сыныптың психологиялық жағдайын жақсартуға тырысты. Олар топтық тренингтер өткізіп, балаларға бірігу, достық қарым-қатынас орнату дағдыларын үйретті. [2]

Психологтар мектептегі барлық оқушыларға тек қиын жағдайларда ғана емес, күнделікті өмірде де көмек көрсетуі тиіс. Олар балалардың әртүрлі психологиялық қиындықтарын шешуге көмектесіп, олардың эмоцияларын дұрыс басқаруға, дағдыларын жақсартуға ықпал етті. Бұл оқушыларға өзіне деген сенімділік пен рухани күш берді. Әсіресе, жасөспірімдер мен мектепке жаңа келген балалардың өзін-өзі қабылдауы мен орталарымен қарым-қатынасы қиын болуы мүмкін. Мектеп психологы бұл мәселелерді шешуге көмектесіп, балалардың сыныптастары мен мұғалімдермен дұрыс қарым-қатынас орнатуына септігін тигізді.

Мектеп психологының тағы бір маңызды міндеті – ата-аналармен тығыз байланыс орнату. Олар ата-аналармен бірге жұмыс істеп, балалардың үйдегі жағдайын бақылап, өзекті мәселелерді анықтай алады. Сонымен қатар, ата-аналарға балаларымен дұрыс қарым-қатынас орнатуды, олардың эмоцияларына назар аударуды, қиындықтарға төтеп беруді үйретеді. Мектеп психологының көмегімен ата-аналар балаларын түсініп, олардың қажеттіліктерін жақсырақ біле алады. Әрине, психологтар тек балалармен жұмыс істеп қана қоймай, мұғалімдермен де тығыз байланыс орнатып, оқу процесін жақсартуға көмектеседі. Мұғалімдер мен психологтар арасындағы ынтымақтастық балалардың психологиялық және оқу жағдайына оң әсерін тигізеді. Бұл бірлескен жұмыс олардың оқу үлгерімін арттыруға және эмоционалдық қолдау көрсетуге ықпал етеді.

Қорыта келе, мектеп психологтарының рөлі өте маңызды, өйткені олар балалардың психологиялық саулығын сақтап, оларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде маңызды қолдау көрсетеді. Психологтар оқушылардың ішкі дүниесін түсініп, оларға дұрыс бағыт береді, сол арқылы балалардың эмоционалдық жағдайын жақсартып, олардың тұлғалық дамуына ықпал етеді. Сондықтан мектептерде психолог мамандардың болуы тек қажеттілік емес, маңызды міндет деп айтуға болады.

Мектепте дене шынықтыру мен спорттық шаралардың өткізілуі де маңызды. Спорт оқушылардың эмоционалдық жағдайын жақсартып, стрессті азайтады. Мен өзім дене шынықтыру сабақтарын қызықты әрі көңілді өткізуге тырыстым. Оқушылар

спортпен айналысқанда өздерін жақсы сезініп, көңіл-күйі жақсарады. Спорттық ойындар, жарыстар мен жаттығулар балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың өздерін сенімді сезінуіне көмектеседі. Сонымен қатар, спорт баланың бойында жауапкершілік, тәртіп және ынтымақтастық сияқты маңызды қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді. [3]

Сондай-ақ, өнер мен шығармашылыққа да мән беру қажет. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы олардың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік беру керек. Мен сабақтарымда оқушыларға сурет салу, ән айту, би билеу сияқты шығармашылық жұмыстарды орындауға мүмкіндік бердім. Шығармашылықпен айналысу оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз етеді. Шығармашылық жұмыстар балаларға өз ойларын, сезімдерін және қиялдарын еркін білдіруге мүмкіндік береді. Бұл оларды бақытты сезінуге және өздерін жақсы көруге үйретеді. Шығармашылық дағдылар балалардың жан дүниесін байытып, олардың өмірге деген көзқарасын кеңейтеді.

Ақырында, оқушыларға дұрыс демалуға және ұйықтауға мән беру керек. Мен сабақтарымда оқушыларға дұрыс демалу мен ұйықтаудың маңызына ерекше көңіл бөлемін. Олардың денсаулығы мен эмоционалдық жағдайы үшін дұрыс ұйқының маңызды екенін түсіндіру керек. Дұрыс демалу оқушылардың зейіні мен жадысын жақсартады, сабақта белсенділік танытуға көмектеседі. Менің тәжірибемде, оқушыларға ұйқының маңызын түсіндіру олардың сабаққа ынтасын арттырып, денсаулығын жақсартады.

Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету үшін бірлесе жұмыс істеуі керек. Мұғалімдер өзара тәжірибе алмасып, оқушылардың эмоционалдық қажеттіліктерін жақсырақ түсінеді. Мектеп басшылары мұғалімдерге қолдау көрсетіп, қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, оқушылардың өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытуға бағытталған жұмыстардың маңызы зор. Өзін-өзі тану сабақтарында оқушылар өздерінің эмоциялары мен сезімдерін түсінуге, оларды басқаруға үйренеді. Бұл оқушылардың эмоционалдық жағдайын жақсартуға көмектеседі.

Бұдан бөлек, оқушыларға өмірлік дағдыларды үйрету де маңызды. Оған стрессті басқару, конфликттерді шешу, тиімді қарым-қатынас жасау сияқты дағдылар кіреді. Мен өз тәжірибемде оқушыларға осы дағдыларды үйретудің маңыздылығын байқадым. Өмірлік дағдыларды меңгеру оқушыларға мектептегі және өмірдегі қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Мектептегі мәдени шаралар да оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Мәдени шаралар арқылы оқушылар өздерін білдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Мектебімде мәдени шараларды ұйымдастыру арқылы оқушылардың көңіл күйін көтеріп, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайттым. Мысалы, мерекелік концерттер, өнер көрмелері, әдебиет кештері сияқты шаралар оқушылардың өзін-өзі көрсетуіне және өзін-өзі бағалауын арттыруға мүмкіндік береді. [4]

Тағы бір маңызды аспект – мектептегі қауіпсіздік жағдайы. Оқушылар өздерін қауіпсіз және қорғаныста сезінгенде ғана эмоционалдық саулығы қамтамасыз етіледі. Мектептің аумағында, сыныптарда және басқа да оқу орындарында қауіпсіздік шараларын сақтау арқылы оқушылардың эмоционалдық жағдайын жақсартуға болады. Оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету үшін мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс өте маңызды. Бұл олардың балаларының жағдайын бақылауға және оларды қолдауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, оқушылардың денсаулығын сақтау үшін дұрыс тамақтану мен дене белсенділігінің маңызы зор. Дұрыс тамақтану оқушылардың физикалық және эмоционалдық жағдайын жақсартады. Өлеуметтік желілер мен интернеттің

оқушылардың эмоционалдық саулығына әсері де үлкен. Мұғалімдер оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану туралы кеңес беріп, оларды зиянды контенттен қорғауға тырысуы керек.

Қорытындылай келе, оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету – мектептің маңызды міндеттерінің бірі. Біртұтас тәрбие негізінде әрбір оқушының эмоционалдық жағдайына назар аударып, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы біз оқушылардың саулығын қамтамасыз ете аламыз. Мұғалімдер, ата–аналар және мектеп әкімшілігі бірлесе жұмыс істеуі керек. Әрбір оқушының эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету – олардың жалпы дамуы мен өмірге деген көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Баймұратова, К.Ж., & Сейітқұлова, Ж. А. (2021). Мектеп оқушыларының психологиялық саулығы: Тәжірибе және перспективалар. Алматы: Санат баспасы– 143 бет.
2. Сәтбаева, Ә.М., & Жолдасова, Г. Б. (2020). Эмоционалдық интеллект және оның мектеп оқушыларына әсері. Нұр–Сұлтан: Фолиант. – 95 бет.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2019). Мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс бағыттары. Астана: ҚР БҒМ баспасы – 86 бет.
4. Оспанова, З.А., & Мұратова, Д. С. (2022). Оқушылардың денешынықтыру және эмоционалдық саулығы. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті – 112 бет.

УДК 37.013

## **ИНТЕГРАЦИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ**

**Полешко Татьяна Анатольевна**

педагог–психолог

«Академический лицей города Костаная»

**Миллер Татьяна Витальевна**

учитель начальных классов

КГУ «Школа–гимназия № 3

отдела образования города Костаная»

#### **Аннотация**

*В статье рассматривается интеграция традиционных национальных ценностей в образовательные программы. Подчеркивается их значение для формирования личности ученика и развития культурной идентичности. Приводятся практические рекомендации по внедрению этих ценностей в начальное образование.*

**Ключевые слова:** национальные ценности, образование, идентичность.

#### **Аңдатпа**

*Бұл мақалада білім беру бағдарламаларына ұлттық құндылықтарды интеграциялау мәселесі қарастырылады. Олардың оқушы тұлғасын қалыптастыру мен мәдени идентичтілікті дамытудағы маңызы көрсетіледі. Бастапқы білім беру бағдарламасына енгізу бойынша ұсыныстар беріледі.*

**Түйінді сөздер:** ұлттық құндылықтар, білім беру, идентичтілік.

#### **Abstract**

*This article explores the integration of traditional national values into educational programs. It emphasizes their role in shaping student identity and cultural development. Practical recommendations for incorporating these values into primary education are provided.*

**Key words:** national values, education, identity.

2 СЕКЦИЯ

<b>Гималетдинова Умут Асыгатовна, Есенова Кинжекуль Омаровна</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды баулу аспектілері	<b>1096</b>
<b>Данченко Татьяна Владимировна, Жиенбаева Алёна Владимировна</b>	Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели	<b>1100</b>
<b>Дильдибекова Гульнара Айсәевна, Койшина Айман Мухамеджановна</b>	Образовательный терренкур «Экотайм» как одно из условий развития экологических дошкольников	<b>1104</b>
<b>Досмаилова Светлана Султановна, Нургазина Айгерим Жумагазиевна</b>	Сабақта және сабақтан тыс уақытта тәрбиелеудің құндылықтарын жүзеге асыру негіздері	<b>1109</b>
<b>Едревская Людмила Валерьевна</b>	Воспитание активного читателя на примерах взаимосвязи литературных произведений как средство реализации Национального проекта «Балалар кітапханасы»	<b>1113</b>
<b>Елдос Анар Нұрлыбекқызы</b>	History of formation of official business style in the Kazakh language	<b>1117</b>
<b>Ерекин Айдын Муратович, Хамзина Күлшат Бақытжанқызы</b>	Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жан –жақты тұла қалыптастырудың негізі	<b>1120</b>
<b>Еришова Асыл Аубакировна</b>	Ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбиенің сабақтастығы	<b>1123</b>
<b>Есенова Эльмира Есмагуловна, Хусайнова Жузира Мусиновна</b>	Биология пәнінің тәлім –тәрбие берудегі рөлі	<b>1127</b>
<b>Жайворонко Ирина Алексеевна, Ткач Надежда Алексеевна</b>	Программа «БіртұтасТәрбие»: новые подходы и ценности воспитания в современной школе	<b>1130</b>
<b>Жандауова Шолпан Еркиновна, Братышева Мария Владимировна</b>	Использование информационных технологий на уроках математики как один из путей преодоления проблемы «клипового мышления» обучаемых	<b>1135</b>
<b>Жумаева Алтын Сагингалиевна, Сәлімжан Аңсағаным Сәлімжанқызы</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын енгізе оқытудың әдістері	<b>1141</b>
<b>Жунусова Гулбаршын Кабылжановна, Зарлыханова Алмагуль Адильбековна</b>	Жаңаша білім беру үрдісінде біртұтас тәрбиенің рөлі	<b>1145</b>
<b>Жунусова Марина Яковлевна</b>	Патриотическое воспитание в современной школе в рамках реализации программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1151</b>
<b>Заманбекова Алия Заманбековна</b>	Білім беру ұйымдарындағы оқу–тәрбие үдерісінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру жолдары	<b>1156</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Злая Элина Владимировна, Жандауова Шолпан Еркиновна</b>	Utaigra – универсальный учебный ресурс, как средство формирования познавательного интереса к учебной деятельности	<b>1161</b>
<b>Ибатова Айгуль Куанышбаевна</b>	Роль куратора в адаптации студентов первого курса колледжа в контексте реализации программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1165</b>
<b>Иржанова Рыскуль Касымхановна</b>	Көркем еңбек – ұлттық құндылықтың өзегі	<b>1168</b>
<b>Искакова Гульжан Сагиевна, Алпысбаева Назым Сартонкызы</b>	Мектеп оқушыларын рухани–адамгершілікке тәрбиелеу барысында ұлттық тәрбие негіздері	<b>1174</b>
<b>Исмагулова Эльвира Бахитбековна</b>	Совершенствование двигательной активности дошкольников, имеющие нарушения речи посредством введения в систему физического воспитания нейроигр	<b>1178</b>
<b>Кабылбекова Гульнара Саматовна, Картпаева Адина Армановна</b>	Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық жаңа сананы ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыруға болады	<b>1183</b>
<b>Кадашева Шолпан Алпысбаевна, Щербаева Кундызай Сейткалиевна</b>	Біртұтас тәрбие балабақшадан басталады	<b>1186</b>
<b>Калиаскарова Индира Мияссаровна</b>	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: балаларға ұлттық құндылықтар негізінде білім беру мәселесі	<b>1190</b>
<b>Кашелюк Татьяна Ивановна</b>	Программа «Буртутас тарбие: педагогические находки и практическое применение»	<b>1193</b>
<b>Келинбердиева Ырсалды Сиехановна</b>	Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы ұлттық тәрбиенің жүзеге асуы	<b>1196</b>
<b>Клышбаев Серик Егинбаевич</b>	Кейкі батыр – дала күресінің дара тұлғасы	<b>1201</b>
<b>Коваленко Марина Викторовна</b>	Инклюзивные практики в контексте реализации Единой программы воспитания в организациях образования	<b>1204</b>
<b>Кункабаева Сарбинас Сериковна</b>	Методы развития внутренней мотивации учебной деятельности как фактор академической успешности старшеклассников	<b>1210</b>
<b>Кусаинова Мейрамгуль Маратовна, Жакиянова Жанна Калтаевна</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбиені енгізу жолдары	<b>1214</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Кушмурзина Даметкен Хажмухановна, Жусупова Инкар Алликовна</b>	Бастауыш сыныпта уақыт өлшем бірліктерін оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық рөлі	<b>1220</b>
<b>Лекерова Любовь Маратовна, Жандауова Шолпан Еркиновна</b>	Ментальная арифметика как средство развития математической компетенции у учеников 1 класса	<b>1227</b>
<b>Майстренко Валерия Юрьевна</b>	Формирование ценностей воспитания среди детей и молодежи на уроках литературы в контексте программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1231</b>
<b>Мальцева Татьяна Александровна</b>	Практика реализации программы воспитания в образовательных организациях высшей школы	<b>1235</b>
<b>Мамырканова Мендыгуль Сартаевна</b>	Роль исторического образования в формировании гражданской идентичности	<b>1239</b>
<b>Махмутова Мархаба Даулетжановна, Молдахметова Алия Досымбековна</b>	Исследование влияния метода триз на развитие креативного мышления учащихся 7 классов на уроках искусства	<b>1243</b>
<b>Маркина Зейнеп Бакитжановна</b>	Біртұтас тәрбиені негізге ала отырып Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқыту	<b>1249</b>
<b>Михалькова Людмила Васильевна</b>	Формирование творческих компетенций через вокальное исполнительство у детей дошкольного возраста	<b>1253</b>
<b>Молдашова Айнагүл Баймұқанқызы, Калимжанова Роза Лаиковна</b>	Роль воспитательных программ в профилактике профессионального выгорания среди курсантов и сотрудников ОВД	<b>1256</b>
<b>Мукашева Альбина Бауржановна</b>	Интеграция ценностно –ориентированного образования в преподавание математики	<b>1262</b>
<b>Мурзабекова Келбет Бирмаганбетовна</b>	Ұлттық құндылықтарды дамыту: Ыбырай Алтынсарин әңгімелері арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу	<b>1267</b>
<b>Мустафина Асель Сапарғалиевна, Абдулина Айгуль Сапарғалиевна</b>	Идеи Ыбырая Алтынсарина в реализации программы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»	<b>1270</b>
<b>Назарова Гулмира Куандыковна</b>	Тәрбие–біртұтас үдеріс	<b>1274</b>
<b>Нургазина Нургуль Отарбаевна, Тагаева Аружан Бауыржановна</b>	Білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары	<b>1278</b>
<b>Нуркина Батима Ауезхановна, Нугуманова Нургуль Куанышбековна</b>	Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі	<b>1281</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Обиух Мария Николаевна</b>	Эффективные методы реализации программы Біртұтас тәрбие в условиях современного детского сада	<b>1284</b>
<b>Осипова Бахиткуль Кайроллиевна</b>	Біртұтас тәрбие негізінде оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету	<b>1288</b>
<b>Полешко Татьяна Анатольевна, Миллер Татьяна Витальевна</b>	Интеграция традиционных национальных ценностей в современные образовательные программы	<b>1292</b>
<b>Рахимова Гизат Батыржановна</b>	Изучение биографии и творчества Ыбырая Алтынсарина как инструмент привития общечеловеческих и национальных ценностей в контексте единой программы воспитания	<b>1297</b>
<b>Редикульцева Юлия Владимировна, Бекмухамбетова Жанылдық Каирбековна</b>	Использование методов и приемов технологии кроссенс в развитии креативного мышления у детей старшего дошкольного возраста	<b>1301</b>
<b>Рогожина Татьяна Александровна, Ли Ляззат Абаевна</b>	Дебаты – фундамент интеллектуального развития личности	<b>1305</b>
<b>Сармурзина Алия Коныспаевна</b>	Опыт применения стратегий развития метакогнитивных навыков у старшекласников	<b>1308</b>
<b>Сикун Людмила Николаевна</b>	Чат–ассистент GRT как инструмент планирования воспитательных мероприятий для детей с ООП в рамках программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1313</b>
<b>Смирнова Анна Александровна, Земцова Наталья Анатольевна</b>	Интеграция программы «Біртұтас тәрбие» в образовательный процесс на уроках математики	<b>1317</b>
<b>Солоха Ирина Константиновна, Гавриляк Инна Михайловна</b>	Ценности воспитания как основа гармоничного развития детей в начальной школе	<b>1322</b>
<b>Тельгарина Айгуль Сарсеновна,</b>	Ценности воспитания детей и молодежи в системе образования Казахстана: опыт, проблемы и решения	<b>1327</b>
<b>Тлеулина Галия Жамалетдиновна</b>	Педагогический опыт по реализации программы «Біртұтас тәрбие» в условиях дошкольной организации на занятиях музыки	<b>1330</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Умарова Бибигуль Ахметкалиевна, Хасенова Мадина Маратовна</b>	Ұлттық құндылықтар және оларды оқу үдерісіне интеграциялау	<b>1335</b>
<b>Упорова Екатерина Юрьевна</b>	Проектная деятельность как действенный способ формирования социальной ответственности студентов колледжей	<b>1339</b>
<b>Усенко Галина Васильевна</b>	Практика внедрения программы «Біртұтас тәрбие» через серию интерактивных интеллектуальных игр в образовательном пространстве школы	<b>1343</b>
<b>Успанова Айнура Оразбековна, Молдахметова Гульнар Муратовна</b>	Ұлттық ойын – ұлт болашағы	<b>1346</b>
<b>Фарафонова Наталья Николаевна</b>	Воспитательная работа в дошкольной организации на основе Единой программы воспитания	<b>1350</b>
<b>Фоменко Александра Сергеевна</b>	Практические аспекты формирования готовности педагогов к инклюзивному образованию	<b>1352</b>
<b>Хамзина Күлшат Бақытжанқызы, Ерекин Айдын Муратович</b>	Мектептегі тәрбие жұмысының ерекшеліктері	<b>1356</b>
<b>Шагатаев Салмагамбет Елеубаевич, Урумбаев Куаныш Дулатович</b>	«Lesson study» на уроках физической культуры	<b>1360</b>
<b>Шамекешева Светлана Петровна, Эмомова Лилия Тимуровна</b>	Воспитательный аспект современного урока русского языка и литературы в рамках программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1365</b>
<b>Шудабаева Жанар Жумабаевна</b>	Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели	<b>1370</b>
<b>Юркова Светлана Владимировна</b>	Значение кюя в музыкальном воспитании дошкольника	<b>1373</b>